

УДК 801.7

**АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
ДЕҢГЕЙІ МЕН МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

Мансуров Нұралы Қуанышұлы

nuni.200304@mail.ru

«Тіл – тіршіліктің бастауы» деп босқа айтпаған. Өйткені, адам баласына ес кірген кезден бастап қоршаған ортадағы жаңа ұғымдарды ана тілі арқылы қабылдап, үйренеді. Ана тілін балалар анасының әлдиінен, бесік жырынан, қоғам ортасына еліктеу арқылы үйренсе, есейе келе орыс тілі мен ағылшын тілін қоғамнан, мектептен, халық ортасынан үйреніп, меңгереді. Өйткені бұл заман талабы.

Әр жыл сайын көптеген ата-аналардың алдында маңызды таңдау тұрады: баласын қазақ немесе орыс тілінде оқытатын мектепке беру. Сонымен бірге, әр ата-ана баласының әлемдегі 1,5 миллиардтан астам адам сөйлейтін ағылшын тілін үйренгенін қалайды. Интернет желісі мәліметтерінің жартысынан астамы (56%) тек ағылшын тілінде беріледі. Ол сонымен қатар әдебиет пен ғылымда қолдану дәрежесі бойынша басым. Ағылшын тілін білу бүкіл әлемде бизнесті жүргізуді жеңілдететіні белгілі. Бұл сондай-ақ бизнесті жүргізу жеңілдігі индексі көрсетеді, бұл ағылшын тілі ресми тіл болып табылмайтын елдерде бизнесті жүргізу оңай, тілді меңгеру деңгейі неғұрлым жоғары болса бизнесті, ғылыми жұмыстар жүргізу жеңіл болады. Ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгерген елдер сонымен қатар компьютер және фармацевтика салалары сияқты жоғары технологиялық өнімдерді, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен электр жабдықтарын экспорттайды. Халықаралық деңгейде ағылшын тілі ғылыми және техникалық салаларда жетекші рөл атқарады. Ағылшын тілін үйрену деңгейі неғұрлым жоғары елдерде жан басына шаққанда ғылыми-зерттеу саласында ғылыми қызметкерлер мен техникалық мамандар көбірек жұмыс істейді, сондай-ақ ғылыми зерттеулер мен дамуға көбірек қаражат бөлінеді. Басқа елдердің тәжірибесін зерттеу, халықаралық конференциялар мен жарияланымдарға қатысу мүмкіндігі халықтың ағылшын тілін меңгеру деңгейіне байланысты екені анық [1].

Әлемде болып жатқан жаһандану процестері, қазіргі қоғамның өсіп келе жатқан даму динамикасы, халықаралық байланыстар мен ынтымақтастықтың кеңеюі қазіргі өркениеттің жетекші тілі ретінде ағылшын тілінің таралуы мен нығаюына әкелді. Интернет-ақпарат көздеріне сүйенсек, ағылшын тілі шамамен 375 миллион адамның ана тілі болып табылады, ал ағылшын тілін екінші тіл ретінде қолдануға қатысты статистика 470 миллионнан миллиардқа дейін адамды ажыратады. Белгілі лингвист Д. Кристалл атап өткендей, ағылшын тілін шет тілі ретінде пайдаланушылар ағылшын тілін ана тілі ретінде 3-тен 1-ге дейінгі пропорцияда сан жағынан асып түседі. Ағылшын тілін қоғамның әлеуметтік, экономикалық білім беру, мәдени даму құралы ретінде сипаттауға болады. Осыған байланысты әлемдік экономика мен мәдениет саяси, әлеуметтік және технологиялық аспектілерде өзара байланысты және өзара тәуелді болып келеді [2].

Әлемдік даму үрдістері қазақстандық шындықта да айқын көрініс тапқан. Қазіргі уақытта Қазақстанның тілдік бейнесі әлеуметтік-лингвистикалық және демографиялық кешенділігімен сипатталатын бірегей лингвистикалық кеңістік болып табылады және 100-ден астам этнос өкілдері тұратын көптілді социумды білдіреді. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қазақ тілі Қазақстанның мемлекеттік тілі болып табылады. Қазақ тілімен қатар, орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі мәртебесіне ие және Кеңес Одағы кезінде Қазақстан аумағында орын алған тарихи үдерістерге байланысты айтарлықтай күшті ұстанымдарды сақтайды. Қазақстан Республикасының әлемдік қоғамдастыққа кіруі, сондай-ақ саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени жаһанданудың коммуникацияға әсері елдің әлеуметтік-коммуникативтік кеңістігіндегі ағылшын тілінің рөлі мен орнын айқындауды және оның әртүрлі салалардағы жұмыс істеу проблемасын кешенді әзірлеуді талап етеді. Осылайша,

Қазақстанда болып жатқан интеграциялық процестер ағылшын тілінің серпінді дамуына алып келді, олар қызметтің барлық салаларына әсер етті [3].

Бүгінде бүкіл әлем бойынша өмірдің барлық салаларын қамтыған жаһандану процесі Қазақстанды да шетте қалдырмады. Соңғы жиырма жыл ішінде республикада қоғамдық, саяси және экономикалық өмірдегі түбегейлі өзгерістер қызметтің әртүрлі салаларының дамуына, оның ішінде бизнес саласына, сондай-ақ елдегі мәдениетаралық іскерлік қарым-қатынастағы шет тілінің рөлі мен орнына айтарлықтай әсер етеді [3].

Қазақстанда, бүкіл әлемдегі сияқты, іскерлік коммуникация саласындағы мәдениетаралық қарым-қатынас тілдерінің бірі ағылшын тілі кеңінен қолданылуда. Қазіргі уақытта Қазақстанда ағылшын тілін білу шетелде міндетті оқу жағдайларының тізбесіне ғана емес, сондай-ақ жас маманның елде де, одан тыс жерлерде де еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігінің айқындаушы элементі болып табылады. ҚР Конституциясы бойынша мемлекеттік және ресми тілдер мәртебесіне ие қазақ және орыс тілдерімен қатар ағылшын тілін білу қазіргі уақытта мемлекеттік маңызы бар міндетке айналды. Жақында ағылшын тілі жаһандық экономикаға сәтті кірудің шарты ретінде белгіленіп, мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі ретінде қарастырыла бастады. Бұған соңғы жылдары әзірленген бағдарламалық құжаттар да дәлел бола алады (ТІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ МЕН ДАМУЫНЫҢ 2011-2020 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ). және т.б.), онда халықаралық іскерлік қарым-қатынас құралы ретінде ағылшын және басқа да шет тілдерін оқыту мәселелерін кеңінен шешу қажеттілігі туралы айтылады. Мәселен, 2011 жылғы 28 қаңтардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев "қазіргі заманғы қазақстандық үшін үш тілді білу — өз әл-ауқатының міндетті шарты" деп атап өтті. Осыған байланысты 2020 жылға қарай ағылшын тілін меңгерген халықтың үлесі кемінде 20 пайызды құрауы міндеті қойылды. Ал ҚР Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясының ХІХ сессиясында (2012 ж. 27 сәуір) сөйлеген сөзінде елдің экономикалық және әлеуметтік жаңғыруының маңызды аспектісі ретінде тілдердің үштұғырлығын одан әрі дамытуға баса назар аударылып, Қазақстандықтардың инновациялар, технологиялар және бизнес әлеміне жолдарындағы ағылшын тілінің маңызы мен рөлі атап өтілді [4].

Ағылшын тілін білу ең алдымен өзіңізге пайдалы шет елде өзіңізді еркін сезініп, шет ел азаматтарымен еркін сөйлесе аласыз. Ағылшын тілі дамып, көркейіп келеді көптеген конференциялар, халықаралық келіссөздер ағылшын тілінде жүреді. Оқушылар мен студенттер үшін қазіргі таңда көптеген жобалар бар және ол жобалар жүзеге асу үшін жас ұрпақ ағылшынша білуі тиіс. Оқушылар мен студенттер алмасу кезінде халықаралық қатынастар дамып, ағылшын тілін білу деңгейі де арта түседі. Қазіргі таңда барлық маңызды іс-шаралар, Олимпиадалар ағылшын тілінде өтеді. Бұл дегеніміз ағылшын тілінің қарқынды дамуы мен қатар оның жоғары деңгейлі тіл екенін көрсетеді.

Әлемнің түрлі елдерінде ағылшын тілін меңгеру деңгейін айқындайтын *English Proficiency Index* жыл сайынғы зерттеуінде Қазақстан 43,83 индексмен 100-ден 93-орынды иеленді [5]. Қазақстанда ағылшын тілін меңгеру деңгейі бұрынғысынша өте төмен деп бағалануда. Биылғы жылы Қазақстанның индексі бұрынғыға қарағанда төмен (45,95). 2018 жылы республика 88-ден 80-ші орынға ие болды. Нашарлау үрдісі 2017 жылдан бері байқалады [5]. "Өте төмен" деңгей дегеніміз, елдің ересек халқы өзі туралы қарапайым әңгіме құра алады (аты, жасы, елі), қарапайым белгілерді түсінеді және шетелдік туристке қарапайым нұсқаулар бере алады [5]. Зерттеу көрсеткендей, Қазақстанда ағылшын тілін меңгеру деңгейі Нұр-сұлтан, Алматы, Қарағанды және Көкшетау қалаларында жоғары. Ең төменгі көрсеткіштер Атырау, Тараз, Қостанай және Шымкент қалаларында. Бұл жағдайда ерлер (индексі 44.04) әйелдерге қарағанда (43.71) ағылшын тілін жақсы біледі [5].

Қорытындылай келе, қазіргі уақыттағы ағылшын деңгейі мен оның маңыздылығы туралы көп айтуға болады. Болашақ ұрпаққа, қазіргі жастарға ағылшын тілін білу өте үлкен

дәрежеге жеткізеді және болашаққа үлкен қадам жасаймыз. Ағылшын тілінің маңызыдылығы жыл сайын артып, халыққа өзінің үлкен әсерін тигізіп отыр. Бұл тілдің қазіргі заманда қоғамда ерекше рөл алатындықтан, оның Қазақстандағы рөлі және болашақтағы маңызы зор.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://iac.kz/ru/publishing/razvitie-yazykovyh-kompetenciy-mezhdunarodnyy-opyt-i-potrebnosti-kazahstana> 2016 ж
2. Crystal D. English as a global language. — Cambridge, England: Cambridge University Press, 2003 —Р. 14
3. Сулейменова Э.Д., Шаймерденова Н.Ж., Аканова Д.Х. Языки народов Казахстана. Социолнгвистический справочник. — Астана: Арман-ПВ, 2007.
4. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева на XIX сессии Ассамблеи народа Казахстана «Казах-станский путь: стабильность, единство, модернизация». — Астана, 27 апреля 2012 года. Доступно 01.07.2012: akorda.kz/ru/speeches/summit_conference_sittings_meetings/vystuplenie_prezidenta_respubliki_kazakhstan
5. <https://informburo.kz/novosti/uroven-vladeniya-angliyskim-yazykom-v-kazahstane-snizhaetsya-tretiy-god-podryad.html>